

"Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету үшін атаулы және мереке күндерінің тізбесін, оны көрсету еселігін бекіту, сондай-ақ әлеуметтік көмектің мөлшерін белгілеу туралы" 2013 жылғы 12 желтоқсандағы № 16/155 қалалық мәслихаттың шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Маңғыстау облысы Ақтау қаласы мәслихатының 2014 жылғы 11 қыркүйектегі № 24/220 шешімі. Маңғыстау облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 08 қазанда № 2512 болып тіркелді. Күші жойылды-Маңғыстау облысы Ақтау қалалық мәслихатының 2016 жылғы 21 қазандағы № 5/58 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Ақтау қалалық мәслихатының 21.10.2016 № 5/58 шешімімен (жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне , Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару" Заңына, "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысына сәйкес қалалық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. "Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету үшін атаулы және мереке күндерінің тізбесін, оны көрсету еселігін бекіту, сондай-ақ әлеуметтік көмектің мөлшерін белгілеу туралы" 2013 жылғы 12 желтоқсандағы № 16/155 қалалық мәслихаттың шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2339 болып тіркелген, № 20-21 " Маңғыстау" газетінде 2014 жылғы 1 ақпанда жарияланған) төмендегідей өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 2 қосымшасындағы:

5 жол мынадай редакцияда жазылсын:

1	маусым –		
5	Балаларды қорғау күні	16 жастан 18 жасқа дейінгі барлық топтың мүгедек балалары және 16 жасқа дейінгі мүгедек балалар	5 айлық есептік көрсеткіш"

2. Ақтау қалалық мәслихатының аппарат басшысы (Д. Телегенова) осы

шешім Маңғыстау облыстық әділет департаментінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінің интернет-ресурсында жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалысын бақылау қалалық мәслихаттың әлеуметтік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін (С. Шудабаева).

4. Осы шешім Маңғыстау облысының әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы
Мәслихат хатшысы

М.Сауғабаев
М. Молдағұлов

"КЕЛІСІЛДІ"

"Ақтау қалалық жұмыспен қамту
және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің басшысы

Г. Хайрлиева

11 қыркүйек 2014 жыл

"КЕЛІСІЛДІ"

"Ақтау қалалық экономика
және бюджеттік жоспарлау бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің басшысы

А. Ким

11 қыркүйек 2014 жыл